

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және Ақтөбе облысы Қобда ауданы Терісаққан ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 4 наурыздағы № 11 "Терісаққан ауылдық округі Терісаққан ауылының Абай Құнанбаев, Жағалау, Желтоқсан көшелері аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімнің күші жойылды деп тану туралы**

Ақтөбе облысы Қобда ауданы Терісаққан ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 20 қаңтарда № 2 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 21 қаңтарда № 26596 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қобда аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының міндетін атқарушы 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 2-11-3/276 ұсынысы негізінде

**ШЕШТІМ:**

1. Ақтөбе облысы Қобда ауданы Терісаққан ауылдық округінің Терісаққан ауылының Абай Құнанбаев, Жағалау, Желтоқсан көшелері аумағында мүйізді ірі қара малдар арасында бруцеллез ауруын жою бойынша ветеринариялық іс-шараларының кешенінің аяқталуына байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Ақтөбе облысы Қобда ауданы Терісаққан ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 4 наурыздағы "Терісаққан ауылдық округі Терісаққан ауылының Абай Құнанбаев, Жағалау, Желтоқсан көшелері аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 11 шешімнің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8078 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. "Ақтөбе облысы Қобда ауданы Терісаққан ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешім Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жариялағанынан кейін Қобда ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін;

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Терісаққан ауылдық округінің әкімі*

*А. Клютов*